

Жастарға артқан үкілі үміт

Абай «Көкірегі сезімді, көнілі ойлы» адамдарға үміт артты. Олардың жүргегін ояты. Білімге, ғылымға талаптануға үздіксіз үндеп отырды.

Абай өлеңдері, поэмалары, қара сөздері адам тағдырының жан-жақты қатпарларын ашып қана қоймай, кез-келген тығырықтан шығуды да көрсетіп береді. Айтайды дегеніміз, ұлы ақынның жастарға арналған өсіметі, кенесі, сенімі болғандықтан, осы тақырыпқа жазылған өлеңдерін сарапқа салсақ дейміз. «Жасында ғылым бар деп ескермедім» өлеңі әрқайсымызға таныс, әрі оны Абай ақындығының зор идеясын бастаған өлең қатарына жатқызамыз. 1886 жылы ақынның қаламынан туған осы тақырыптағы толық жатқан тың өлеңдерді көреміз. Мәселен, жас буынға арналған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таптай мақтана», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді қунғе» деген өлеңдері бүтінгі күннің жастарын да терен мазмұнмен, озыққы ойымен баурай алады. Өз ортасының ақылды басшысы болған Абай өсер үрпақтың сана-сезімі, рухани жан дүниесіне қозғау салып отырады. Парасатты, білімді, интеллектуалды азамат боламын деген жастар ушін жоғарыдағы өлеңдер сарқылмас қазына саналады.

«Интернатта оқып жүр» өлеңін оқып отырганымызда, ақынның қоғам үшін қайғырып, оған қамқорлық жасап, талай қазақ баласының окудағы мақсаты не болатындығын айқындал береді. Ол, әрине, халқына адал қызмет ету. Оған қол жеткізу үшін:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,
Ерібей оқып көргө,

- деп талаптануға, кітап оқуға шакырады. Қазақ баласының оқығандагы мақсаты не болу көрек екендігін көзбен көріп, қолға ұсташқандай айта алған. Мақсаты халықтың керегіне жарау, ертеңіне еңбегімен, білімімен қызмет етуді айтып отыр. Дұрыс, өлеңде Салтыков пен Толстойлар да аталауды. Өйткені олар да халық қамын жеген озық ойлы жандар. Солардан үйреніп, терен білім игеріп, үлкен азамат атанип, халқын сүйіп, елнің көркеюне, дамуына қалтқысыз қызмет етүте дайын болып қалыптасатын тұлғаны іздейді.

Жастарға арналған өсімет өлеңінің ой жағынан көрнектісінің біреуі – «Ғылым таптай мақтана». Бұл өлеңде ақын теренге барып, көп ой қорытқан. «Ғылым таптай мақтана»-ны бағдармалық өлең деп атауға да келеді. Адам бойындағы жаразтық табағын қазына деп ғылымды жоғары қояды. Оған талпыну әрбір жігерлі жастың биік арманы болуға тиис деп қөрсетеді. Бұл ақынның өз дәуірі үшін ғана емес, осы күнде де шешуші тұлғатын ақыл-кенес іспетті болып келеді:



Мәселе десек, артық айтпағандық болар - үй-
манист ақын! Абай жас буынға «бес нәрсеге
асық бол», «бес нәрседен қашық бол» деп
ұғындырады (талап, еңбек, терен ой, қанагат,
рахым, өсек, етірік, еріншек, мактансақ, бе-
кер мал шашпак). Жамандықтан жирендіре
отырып, жақсылыққа үндеген ақын адам
болудын арлы жолын ңұскайды. Себебі Абай
оійның түркі қазығы - «Адам бол!». Осы
баяғыт-бағдар Абайша толық адам ілімінің
негізі болып қаланады. Талапты жоғары қоя
отырып, адалдықпен еңбек етіп, мақсатка
жету жолын мензейді. Осы арқылы адамның
әулиесін атануды арманады.

«Интернатта оқып жүр» өлеңі өзі үміт ет-
кен ескелец, ойлы жасқа арналады.

Жас буынға арналған 1886 жылдың жемісі
болған өлеңінің бірі – «Жігіттер, ойын ар-
зан, күлкі қымбат» деген ұзақ өлең. Бұл
акынның жастарға арналған татулық, достық
мәселеінің қозғайтын насиҳат өлеңі. Абай
қиянышыл, адамгершілікке сүйенген жастың
достығын айрықша қадрлелейді.

Өлең күншілдікісінен тату бол, қиянышыл
болма деп, болашақ өмірдің жастарына ай-
тылатын ақыл-кенес іспетті болып келеді:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз.

Жетпес біріндікін бірің жеткіз!

Күншілдікісін тату бол шын қоңылмен

Киянышыл болмақты естен қеткіз!

Шешендейкпен, ақылгөйлікпен айтылған
терен ой үгамыз. Абайдың ағалық, ұстаздық
ниетін оқыған жас қазір арамызда кездесіп
қалатын араздық, жаулық атаулыдан аулақ
болары анық. Ақын әрі қарай жоқдастық,
сұхбаттастықтың қадірін шексіз адам білмес
деп қорытынды қасайды.

Абай ғылым мен білімге үмтільші, алға
қойған мақсатына жетуғе табандылық
көрсете алған жастың өнімді еңбегін де,
асыл қасиеттерін де жоғары бағалайды.
Гуманист ақын таланттың өнер ізделеген жандар
туралы сүйіспеншілікпен айта отырып,
олардың өмірдің әрбір саласында жігерлілік
тапшыту алуына үлкен сенім атқады.

Талап пен ғылымды менгеру тақырыбы
Абай шығармашылығында бұрын-соңды
болмаган шын мәнінде орасан зор әлеуметтік
мазмұнға бийкітеді. Еңбексүйіштік, мақсатқа
жету, кішіліпейлілік, мейірімділік сыйн-
дың өнегелі қасиеттерді келенсіз жайтарға
қарсы қояды. Ақын ғалым болу мен адам

болу мәселеін бір-бірімен сабактастыра
өрнектеді. Екеуінің тамыры, тубі бір деп
санайды ақын. Білімді болу үшін ақыл
керектігін бәріміз де түсінмелі. Осы орай-
да айтарымыз – ағартушы Абай ақылды,
білімді адамды аса жоғары бағалағандығы.
Ақылды, білімді адамдар әрқашан көрек.
Қоғамның дамуы, экономиканың өрлеуі,
рухани мұрамыздың гүлденеу соңдай жандарға
тікелей байланысты. Ақынның ойынша, ке-
мел адам болу үшін ақыл мен ыстық жүрек
иесіне қайрат-жігер де көрек. Соңдиктан:

Ақын, қайрат, жүректі бірдей үста,

Сонда толық боласың елден белек,

деп ақын ақылдылық, танып-білудің
куаттылығы, жүректің сезімталдығы
адамгершілік сезімінің жоғары сатысына
көтеретіндігін аңғартады.

«Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің өрнегі
де, ойы да тым бөлек. Өлеңде қайрат пен
акылды айрықша қасиет ретінде айтады
да, оларға адамгершілік, әділеттілік,
мейірімділік, қосылғандаған ігін иниette-
ке, зор мақсатқа жеткізіді деген ой түйеді.
Өлеңнің басында білімді бол, ғылымды сүй,
өмірді таны, жан-жақты өнерлі бол дегенді
айтады. Әрі қарай:

«Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан!» дегенін
қалай түсінмелі? Ақын ұзакқа көз жіберіп,
қолынан келгені ғана болып журмей,
халқына пайдалы, елдің дамуына үлес
косатын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан
басекелес. Озаның ұлқыздары болындар
дегенді айтады.

Ақылдылық, алғырлық, адалдық пен
адамгершілік ажырамас бірлікте болын
дегенді басты қагида етіп үстайды. Өз
дәуірі үшін ғана емес, болашақ үрпағына
да даналықпен айткан ақыл-кенесі
төмөнделгідей:

Қайрат пен ақыл жеке табар,

Қашқанга да құганға.

Әділем шапқат кімде бар,

Сол жарасар тұганға.

Өз заманының адамдарының да,
жастардың да санасын өзгерту арқылы за-
манды түзетуге болады деп сенген ақын
қоғамның кемшиліктерін жоюға тырысты.
Біздің жастардың міндеті – ақылтой, даныш-
пан ақын Абайдың өлеңдерін оку, білімді
булу, өсіметін орындау, үміт ақтар үрпағы
булу, борышмызды абыраймен атқару.

А.П. ДЖАХАЕВА, магистр, аға оқытушы,

Ұ.Т. УРАЗБАКОВА,
магистр, аға оқытушы, «Мектепке
дайынған және бастауыш оқыту теориясы мен
әдістемесі» кафедрасы